

## Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ӨЗЕКТІЛІГІ

*Боканова Айгул Ахметсапина,*  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің магистрі №9 «Зерде» мамандандырылған мектебі,  
Нұр-Сұлтан қ.  
*Бадаева Менсулу Сейдағалиевна,*  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №27 жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
*Анасова Айнаш Бектұрсынқызы,*  
тарих магистрі,  
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

### Аннотация

Өзектілігі: Берілген мақалада авторлар Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеялары өзінің өткірлігімен қазақ халқының экономикасы мен мәдениетін өзгертуге бағытталғандығын атап өткен. Ол қазақ халқын мәдениетті халықтардың қатарында көруді қатты армандаған және ол ағартушылық қызметті қара бастың қамы деп қарамай, қайта әлеуметтік ортаны қайта құруда жастардың белсенді күресуіне құрал есебінде қарады. Сонымен қатар, Ыбырайдың мектеп ашу жолындағы қоғамдық қызметіне де ерекше тоқталып өткен.

Мақсаты: Ыбырайдың мектеп ашу жолындағы қоғамдық қызметі ерекше ескерерлігі сөз етілген.

**Түйінді сөздер:** мектеп, ағартушылық идея, мұсылманшылық, демократиялық-ағартушылық бағыт.

### Аннотация

Актуальность: В данной статье авторы отмечают, что просветительские идеи И. Алтынсарина своей остротой направлены на изменение экономики и культуры казахского народа. Он очень мечтал видеть казахский народ в числе культурных народов и рассчитывал на активную борьбу молодежи в воссоздании социальной среды. Кроме того, особое внимание было уделено общественной деятельности Ыбырая по открытию школы.

Цель: Было отмечено, что государственная заслуга Ибрагима в открытии школы заслуживает особого внимания.

**Ключевые слова:** школа, идея просвещения, мусульманство, демократически-просветительское направление.

### Abstract

Relevance: In this article, the authors note that the educational ideas of I. Altynsarin are aimed at changing the economy and culture of the Kazakh people. He very much dreamed of seeing the Kazakh people among the cultural peoples and counted on the active struggle of young people in recreating the social environment. In addition, special attention was paid to the public activities of Ybyrai for the opening of the school.

Goal: It was noted that Ibrahim's state merit in the opening of the school deserves special attention.

**Keywords:** school, the idea of enlightenment, Islam, democratic and educational direction.

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар жазушының бірі – Ы.Алтынсарин. Ол заманының ірі қоғам қайраткері, тұңғыш педагог жазушы, қазақ балалары үшін дүниелік ғылымдар негізін оқытатын тұңғыш қазақ мектебін ашушы. Қазақ елін қараңғылық бұғауынын алып шығып, көзін ашып, көкірегін оятуды, көздеген халық қамқоршысы. Жастарға өмірлік орудың есігін айқара ашып, болашағын меңзеген өнер – білімнің жалынды жаршысы. [1, б.808]

«Ірі ағартушы, озық саналы әлеумет қайраткері, өнерлі ақынның артында қалдырған ізіне, қадірлі жолына қарап отырсақ, заманына бақсақ, – дейді М.О. Әуезов, көңілге үлкен – үлкен алғысқа толы ойлар келеді. Сонда, өз өмірінің, еңбегінің барлық қисынсыз қиын шалғайлықтарының бәрін елеместен, жасымастан батыл басып, ұдайы ұзап бара жатқан шын зор қайратты танысың. Мұндай іс пен тұрақты айнымас мінез тек қана

халықшыл, азаматтық санасы айқын жаннан шығады. Ыбырайда сол күш терең еді, мол еді. Ол сананың үлкен оты мұның ізгі жүрегінде мол уақытқа берік орнаған.

Ыбырай оқытушылық, ағартушылық жұмысты өзіндік жеке мақсат деп есептеген емес. Оның қоғамдық мәніне тереңінен түсініп, сол игілік үшін өзін құрбан етуге даяр болған адам. Қазақ еліндегі қараңғылықтың торын бұзып, ел көзін ашу, тағылық зардабын тартқан халықтың аянынышты тағдырына аз да болса көмек ету азаматтық борышым деп білді. Ағарту ісін өзінің адамгершілік мұраты санаған Ыбырай сол жолға басын тігіп, қандай қиындыққа да көнді. Сөйтіп, ол оқу-ағарту ісінің үгітшісі ғана болып қойған жоқ, соның қажырлы күрескері саналды. Бір адамның қолынан келмейтін осынша ауыр істі өз мойнына алып, ерлік еңбек етті.

Ыбырайдың мектеп ашу жолындағы қоғамдық қызметі ерекше ескерерлік. Ол – алпысыншы жылдардан бастап, өле – өлгенше оқу – ағарту ісімен үздіксіз шұғылданған жалынды ұстаз. [1, б. 814]

Ыбырай кейбір молдалардың «Адам басын қатыратын зарар қасиеттерінен» жас ұрпақты сақтап қалуды ойлады. Олар оқытып жүрген кітаптардың дін шарифатында дәл түсіндіре алмайтынын айтып, өзі қазақ балалары үшін мұсылманшылық шарттарын танытар құрал жазады. Оны «шариат ул исламә деп атайды. Немесе «Мұсылманшылықтың тұтқасы».

«Молдалар оқытып жүрген татар, араб, парсы кітаптары адам баласын дұрыс ойдан адастырады, кері кетіреді» [3, б. 270] деп жазады.

«Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Олар қазақ даласының кез келген жеріне ретсіз орната салынатын болса ешбір пайда келтіре алмайды. Ал біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы (бір жөн – тәуір) білім беретін болсын, артта қалған халықты мектепке қызықтырып тарту үшін мектеп бітіргендерге не жөнінен болса да бір артықшылық берілетін болсын, сонда ғана оқушылардың саны ешбір күмәнсіз өте тез өседі. Осылый еткенде ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады, сонда татар фанатизмінің де күлі көкке ұшады» деп жазады Ы.Алтынсарин. [3, б. 280]

Осындай алдына айқын мақсат қойған Ыбырай балаларды тәрбиелеу ісіне де ерекше мән берді. Ол оқушыларын адамгершілігі зор, білімді, халқына жаны ашып, оған аянбай қызмет еткендей мәдениеті жоғары адам етіп шығаруға тырысты. [3, б. 274]

Ыбырайдың педагогтық жұмысының ілгері басып, қыза түскен кезі оның Торғай облыстық мектептерінің инспекторы болып тағайындалған (1879) жылдардан басталады. Әрбір уездік қалалардан орыс – қазақ балалары бірге оқитын училищелер ашуды да қолға алады. Ол үшін елден қаражат жиып, ақыры, бірнеше алты жылдық уездік училищелерді ашады. Инспектор кезінде мектеп оқуының әр саласына көңіл аударып, оның жұмысын жөнге қояды. Әр мектептің сырты тартымды, әсем, іші таза болуын қамтамасыз етуге күш салады. Ол өзінің хаттарында бұл пікірлерін былай білдіреді: «Мектептің шаруашылық жағдайлары жаман болса, оның ісі ешуақытта да оңға баспайды, пайдалы еш нәрсе бермейді, оның оқушылары да, оқытушылары да істен күдер үзіп кетеді. Бұған менің әбденкөзім жетті». [3, б. 311] Әсіресе, әр уезден аштырған екі сыныпты мектептердің алдына қойған талабы осындай. [3, б. 816]

Ы.Алтынсарин мектептің білім беру жөніндегі міндетін өмір талаптарынан, бұқара халықтың талаптарынан шығарып белгіледі. Оның пікірінше, мектеп өмірге жанасымды нақтылы білім беріп, ақыл- ойдың өсуін баланың саналылық жағынан жетілуін қамтамасыз етуге тиісті.

Мектепте берілетін білім мен дағдыны Ы. Алтынсарин ағарту ісіндегі немқұрайдылық деп қараған жоқ, қайта халықтың өткінші дәуірінде оған пайда келтіретін, іс жүзіне асатын қару ретінде бағалады. Осы мақсатпен ол мектепке қажетті оқу жабдықта-

рын сұрыптап алды, бұл сұрыптауды қалай оқыту керек, не үшін оқыту керектігі жөнінде педагогикалық талдауға салды. [4, б.60]

Ы.Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыста барлық іс жақсы тәсілдерін табуында, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа тұрпаттағы мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, еңбекке және ой жұмысына үйретуге тиіс, олардың білімге және орыс тілін білуге ынтасын мейлінше арттыруға тиіс. [2, б. 138]

Мектепте татарша діни жаттамалы оқудың орнына балаларды ана тілінде оқытуға ерекше мән берді, оларды халықтық дәстүр, аңыз әңгіме, мақал – мәтел негізінде оқытып – тәрбиелеуге ерекше назар аударып, өз хрестоматиясына халық ауыз әдебиетінің материалдарын атап айтқанда жастарды ерлікке, өнерге, жақсы адамгершілік қасиеттерге баулитын асыл үлгілерін көптеп енгізді.

Ы. Алтынсариннің демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз- тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан – жақты қамтып жазуға жұмсады. [3,б.172]

Балаларды оқыту әдістері жағынан Ыбырай – белгілі өзіндік жүйе – әдісі бар педагог. Ол қазақтың тұңғыш прогресшіл педагогикасын, халықтың мектептерін негіздеуші. Өзінің дидактикалық көзқарасы жағынан ол – ұлы ағартушылардың озық идеяларына сүйенген, адамгершілік педагогикасын жаңа жағдайда іске асырған ізгі ниетті адам. Ян Амос Коминскийлердің озық идеялары, ағартушылық, педагогтік оқулары Ыбырай жүрегінен нық орын тепті. Ушинский, Толстой, Бунаков, Паульсон сияқты даңқты педагогтерді ұстаз тұтты. Ыбырай осындай ұлы адамдардан тәлім алып өсті. Өзінің педагогтік қызметтерінде солардың қағидаларына сүйенді. Оны қазақ жағдайына, жаңа ортаға қолдану жолын қарастырды. Сөйтіп, басқа жағдай оны өзінше бөлек жүйесі, тәсілі бар ұлттық қоғам қайраткері – қазақ педагогі етіп шығарды. Ыбырай осы ұстаздарының педагогикасын ілгері бастырған жанашыл адам. [3, б. 213]

Ы. Алтынсариннің ағартушылық саласындағы мақсат мүдделерінің іске асуына оның 1879 жылы Торғай облыстық мектептердің инспекторы болып тағайындалуы және бұл қызметте өмірінің соңғы минутына дейін үздіксіз он жыл табандылықпен еңбек етуі үлкен пайдасын тигізді. Инспекторлық қызметке кіріскеннен кейін ол дүниетану мектептерді ашуды мықтап қолға алды. Ол қазақ-орыс мектептерін ашты, олардың жанынан мектеп кітапханасын ұйымдастырды. Бұдан соң Алтынсарин болыстық бастауыш мектептер ашу ісін қолға алып, генерал-губернатордың атына «болыстық қазақ мектептері туралы записка» жазды. Мұнда осындай мектептердің тек қазақ даласына ғана емес, Ресейдің барлық жазда көшіп, қыста отыратын аймақтарына қолайлы екендігін айтып, мектептің жаңа түрін ашу жөнінде жасайды. Ол оқытушы кадрларын даялау мәселесін де қолға алды. Оның ұсынысы бойынша 1888 жылы көкек айында Орынбор қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылды. Бұл жөнінде 1882 жылы шілдеде Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша, жақсы педагогика құралы да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды, – деп жазды. Мұғалім өз шәкірттерін жан – тәнімен жақсы көрсе, оқу-тәрбие ісіне шексіз берілуі ғана емес, оның беделі тек шәкірт алдында жоғары болатынын ескертіп былай дейді: «... Мектеп бітіруші баланың болашағын болжай білу қабілеті, адамгершішілік қасиеті ұстазға байланысты». [3, б. 213]

Ы. Алтынсарин мұғалім даярлау ісімен бірге оларға керекті оқу-әдістемелік құралдарын жазу мәселесімен де шұғылданды. Оның ұсынуымен орыс-қазақ училищеле-

рінде К.Д.Ушинскийдің «Балалар дүниесі», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу кітабы», Б.Ф. Бунаковтың «Әліппесі мен оқу құралы», Тихомировтың «Грамматикалық элементарлық курсы» оқу құралы ретінде пайдаланылды. Орыс педагогтарының үлгісімен орыс-қазақ мектептеріне арнап Ы.Алтынсариннің өзі екі оқу құралын «Қазақ хрестоматиясын» (1889) және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» (1889) жазып, бұларды қазақ-орыс мектептеріне тәлтіма оқулық ретінде ұсынды. Мәселен, «Хрестоматияға» ол қазақ халқының ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін, балаларға арналған нақыл әңгімелер мен өлеңдерді, орыс жазушылары Крылов, Толстой, Паульсон т.б. әңгімелері мен мысал өлеңдерін аударды. Ы.Алтынсарин құрастырған «Қырғыз хрестоматиясы» тарихи-мәдени көзқарас жағынан және оның педагогикалық құндылығы жағынан тамаша ескерткіш. Ол өз өмірінде тек I бөлімін ғана бастырып үлгерді. Оның хрестоматиясының екінші бөлімі мазмұнына қарағанда, бастауыш ғылыми білімнің, көбінесе жаратылыс тарихының энциклопедиясы болған тәрізді.

Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеялары өзінің өткірлігімен қазақ халқының экономикасы мен мәдениетін өзгертуге бағытталды. Ол қазақ халқын мәдениетті халықтардың қатарында көруді қатты армандады. Ол ағартушылық қызметті қара бастың қамы деп қарамай, қайта әлеуметтік ортаны қайта құруда жастардың белсенді күресуіне құрал есебінде қарады.

Ы.Алтынсарин хрестоматияға енген бірқатар әңгімелерін тарихтың ұлы жаңалықтары мен өнер табыстарына арнайды. Өзінің хаттарының бірінде: Ғылым – тәжірибе арқылы өзіне жол ашты», – дейді [4, б. 60].

Ы. Алтынсарин оқыту әдісі мәселелеріне де ерекше мән берді. Өзінің А.А. Мазохин, Ф.Д.Соколов, Ғ.Балғымбаев т.б. мұғалімдерге жазған хаттарында балаларға тиінақты білім білім беру, оқуды өмірмен байланыстыру, оқыту әдістерін жетілдіру жайында көптеген ақыл – кеңестер берді [3, б. 176].

Ол ғылымға жетілуде тәжірибенің рөлі ерекше деп таныды. «Тәжірибе барлық ғылымның бастамасы ғой, кем – кемдеп өзіміз де үйреніп, балаларды да оқыта берейік, мүмкін сөйте келе мақсатымызға да жетерміз» деп ,ол тәжірибе туралы өз пікірлерін ашық айтады. Бірақ Ыбырай тәжірибеге бірыңғай қарап, соған соншалық сенген адам деп түсінбеу керек. Ол тәжірибенің өлшемді мүмкіншілігін ескерте де біледі. Тәрбие жұмысында тәжірибенің зор рөлі барын айта келіп, оған сене беруге болмайтынын, ол үшін тәжірибенің де тәжірибесі бар екені ,лайықты ортаның да керектігін үлкен ойшылдықпен болжайды [3, б. 821].

Ыбырай – өзі жасап жатқан істің маңызы мен мақсатына тереңнен түсінген, нысанасы айқын, жаңашыл адам. Ағарту саласындағы істерінің қазақ үшін үлкен жаңалық екенін,бұл ретте өзі ауыр кезеңде жасап отырғанын айқын таниды.

Оқу мен ғылымның материалдық мүмкіншіліктерін де ақын терең түсінді. Адам бойындағы ең жақсы қасиет, ақыл, мінез, дәулет, тұрмысқа керекті бұйым – бәрі де оқумен, білумен, ізденумен табылатын адам ақылының жемісі. Дүниедегі ең ескірмейтін мұра да, өмірлік сенімді серік пен берік сүйеніш те, сарқылмас дәулет те – өнер – білім деп, ақын қазақтың мал байлығымен өнер – білім байлығын жарыстырады.

Ыбырай – жаңашыл жазушы. Ол – ең алдымен қазақ әдебиетіне жаңа идея мен тың тақырыптар әкелуімен жаңашыл. Қазақ ақындарының оқу, тәлім-тәрбие, мәдениет мәселелерін Ыбырайдай арнайы жыр еткен ешкім болған жоқ. Ыбырай бұл мәселелерді өз шығармаларының арқауы етті. Өнер, еңбек, кәсіп, адалдық, адамгершілік идея, отырықшылыққа байланысты тұрмыс жаңалықтары кең көтеріліп, европалық мәдениет уағыздалды. Өмір мәселелері кейіпкерлер әрекеттері арқылы ашылып, адам образын жасау қолға алынды. Ыбырай қазақ әдебиетінде ұнамды кейіпкер жасау проблемасын көтерген жазушы деп танылса да артық емес. Сейтқұл, Үсен, әке мен бала, кәсіпқорлар, т.б. кейіпкерлер сол кездегі қазақ әдебиетіне, сондай-ақ ақынның «Жаз», «Өзен» деген өлеңдері де кезеңде қазақ әдебиетіне жаңалық болып қосылды. [1, б. 827]

Ыбырай әңгімелері тек мазмұн жағынан ғана құнды емес, соған қоса тіл, стиль жағынан да ерекше маңызды. Жазушы қазақтың әдеби тілінің негізін салуда да елеулі еңбек етті. Тіл азабы үшін күресіп, оны ұстартты. «Молдалар өзі адамның басын қатыратын ерекше қасиетінің үстіне қазақтың табиғи тілін бұзып жүр», – деп жазды Ыбырай бір хатында.

Ол өз шығармаларында халықтық тілдің негізгі сөздік қорын шебер пайдалана білді. Әдеби тіл принципін қатаң сақтады. Оқушылардың ұғымына жеңіл, әсерлі, қарапайым тілмен идеяны айқын беруі, тақырыпты таңдай білуі, оқиғаны түйіндеп, ойлы сөздермен баяндап отыруы жазушы тілінің негізгі ерекшелігі деп айтуымыз керек.

Ыбырай халықтың мақал – мәтел, нақыл сөздерді, аңыз-әңгімелерді шебер пайдаланады. Өмір шындығын халықтық стильде жазды.

Ыбырай – жалаң үгіттің ақыны емес, ол өз кезінің ең әсерлі, ықпалды жаңашыл жазушысы. Оқушы жастардан бастап, бүкіл халыққа пайдалы ең жақсы әдет-салттарды, өмірге тиімді кәсіп түрлерін, озық оқу-білім, адамгершілік қасиеттерді, дәуір ұсынған ең келелі де керекті жаңа тілектерді айта білді.

Ыбырай шашқан тәлім-тәрбие ұрығы зая кеткен жоқ. Ыбырай мектебі кейін қазақ ішінде білім ошағының жүздеген жаңа орындарына негіз болды. Ыбырайдың еңбек, ғылым, өнер жолында аңсаған арманы ең сенімді қолдаушыларын тауып, еңбек үстемдік еткен қоғамда мүлтіксіз жүзеге асырылады.

Ыбырай Алтынсарин – нағыз халықшыл жазушы, ағартушы, ақын, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы, өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006.
2. Ы. Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім – тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995.
4. Сыдықов Ә.Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. – Алматы: Мектеп, 1969.

### **ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА С ПРИМЕНЕНИЕМ МАТЕРИАЛОВ ТВОРЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ Ы. АЛТЫНСАРИНА**

*Болотько Татьяна Альбертовна,*  
методист, учитель русского языка,  
КГУ «Гимназия имени А. М. Горького отдела образования города Костаная»  
Управления образования акимата Костанайской области,  
*Габдуалиева Дамеш Кожмухамбетовна,*  
методист, учитель русского языка,  
ГУ «Отдел образования города Костаная»  
Управления образования акимата Костанайской области

#### **Аннотация**

Өзектілігі: Алтынсарин мұрасы – орыс әдебиеті мұғалімі үшін тамаша материал көзі. Ағартушының мәтіндері орыс тілін оқытудағы заманауи көзқарас тұжырымдамасына толық сәйкес келеді және өздеріне тек грамматикалық жүктемені ғана емес, сонымен бірге оқушыларды рухани және адамгершілікке тәрбиелейді. Бұл мақалада N материалын қолданудың практикалық әдістері талқыланады. Алтынсарин жаңартылған білім беру мазмұны аясында орыс тілі сабағында. Мұғалімнің мәтіндермен жұмыс істеу принципі көрсетілген. Жұмыс әдістері келтірілген. Мақсаты: Бұл мақала орыс тілі мен әдебиеті мұғаліміне лексикалық материалдармен, грамматикалық тақырыптармен жұмысты ұйымдастыру кезінде пайдалы болуы мүмкін.